

Жоғары Соттың Төрағасы
Ж.Қ. Асановқа

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Менің өтінішімнің шешілуі сіздің құзырыңызда болғандықтан, жоғары сот мекемесі арқылы Әуликөл аудандық сотының судьясы **Ахметова Асель Батырбекқызына** біздің алғысымызды жеткізсеңіз. Асель Батырбекқызы өзінің судьялық міндетін аброймен атқарып, сот отырысын сапалы жүргізетін, екі тілді жетік меңгерген, өз кәсібінің маманы ретінде көрсетті. Ол кісінің еңбегіне ризалығымды білдіріп шексіз алғысымды айтқым келеді. Біздің басымызға түскен істі созбалаңға салмай, жан-жақты қарап, түбегейлі зерттеп, бас панасыз қалдырмай шиеленген мәселенің басын ашып беріп, екі жақтың пікірін әділ таразысына сала отырып, өзара қарым-қатынасты бұзбайтың, ортақ ымыраға келтіре, дұрыс шешім қабылдағаныңыз үшін көптен-көп рахмет. Осы тұрғыда айтқым келгені, судья болу – екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн, кәсiби бiлiктiлiктi талап ететiн, адамгершiлiк қасиеттердi жоғары бағалайтың, адамның, отбасының, оған қоса мемлекеттiң тағдырына ықпал жасайтын жауапты да мәртебелi лауазым. Судья үшiн әрбiр қаралған iстiң нүктесiн қою ешқашанда да онайлыққа түспейдi, сондықтан әдiл шешiмiн жариялау әр судьяның басты мiндетi деп бiлемiн. Пікірімдi аяқтай отырып, Сiзге қызметiңiзге абырой, зор денсаулық тiлей отырып, биектен көрiне берулерiңiзге шын жүректен тiлектеспiн. Мәртебеңiз өсе берсiн.

24.09.2019ж.

Игi тiлекпен Темофеевка ауылының тұрғыны Жапенов Ерғазы.